

Мемлекеттік меншіктің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 қыркүйектегі № 939 Қаулысы

«Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 13 ақпандағы Заңының 16-бабының 1-тармағына сәйкес таратушы газ құбырларын пайдалану бойынша бірыңғай операторды құру және тұтынушыларды газбен жабдықтауда делдалдық құрылымдарды жою мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Алматы қаласының, Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда және Ақтөбе облыстары әкімдерінің жоғары, орта мен төмен қысымды газ құбырлары мен олардағы құрылыстарды заңнамада белгіленген тәртіппен коммуналдық меншіктен республикалық меншікке беру туралы ұсыныстарымен к е л і с і л с і н .

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.03.31 № 311 Қаулысымен

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының 1-тармағында көрсетілген іс-шаралар аяқталғаннан кейін Алматы қаласының, Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда және Ақтөбе облыстарының жоғары, орта және төмен қысымды газ құбырлары мен олардағы құрылыстарды «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының орналастырылатын акцияларын төлеуге берсін.

2) тиісті облыстардың, Алматы қаласының әкімдіктерімен бірлесіп, осы қаулыдан т у ы н д а й т ы н ш а р а л а р қ а б ы л д а с ы н .

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.03.31 № 311 Қаулысымен

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов